



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Аялаймын сені, Қызылорда!

13 шілде
сейсенбі
№55 (1757)
2021 жыл



БІЛІК

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСТА ЖАҒДАЙ КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ



Сенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезекті кеңейтілген отырысын өткізді. Бірқатар мәселелер талқыланып, арнайы тапсырмалар жүктелген жиын бейнебайланыс режимінде өтті. Отырысқа Премьер-Министр Асқар Мамин, Президент әкімшілігінің басшысы Ерлан Қошанов, Үкімет мүшелері, облыстар мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қаласының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар жетекшілері қатысты.

Жиында ең бірінші биылғы бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстар жайы қорытындыланып, алдағы міндеттер туралы айтылды. Президент пандемияға қарамастан ел экономикасы жарты жылда 2,2 процентке өскенін айтты. «Бұл қуанатын жайт. Былтыр пандемияның салдарынан ішкі жалпы өнім 2,6 процентке төмендеді. Біз оны тезірек қалпына келтіруіміз керек. Дағдарысқа қарсы қабылданған шаралармен және карантиндік шектеулермен бірге әлемдік экономиканың жандануы іскерлік белсенділіктің қалпына келуіне септігін тигізді. Біздің міндетіміз – екінші жартыжылдықта экономика қарқынын арттыру, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Сондай-ақ Президент коронавирустың жаңадан пайда болып жатқан штамдары индеттің біздің өмірімізге енгенін, ендігі кезекте осындай ахуалға бейімделіп, өмір сүруді үйрену қажет екенін айтты. Ол күрделі жағдайлар мен өлім-жітімді азайту, ауыр халдегі науқастарға баса мән беруді тапсырды. Коронавирусқа қарсы тұру үшін тек медициналық аспектілерге ғана емес, бизнестегі шектеу шараларына да өзгеріс енгізу маңызды. Сондықтан Президент «Ashyq» секілді цифрлық шешімдерді белсенді пайдалану қажет екенін айтты.

2 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ



ҚУАҢШЫЛЫҚ ҚИЫНДЫҒЫ

Елдегі құрғақшылық мал азығын қиындатып, төрт түліктің қамын жасауға мұрша бермеуде. Қыс бойы қарық қылып қар түспей, көктемде жаңбыр жауып жарытпай, әйтеуір жаз айы басталғалы ауа райы шаруаның

жайын қашырды. Аймақтағы ағайын қырылған малына алаң қылса, билік жем-шөп жеткізуге амал табуға асыққан. Алайда аптап ыстықтан су тимеген кей жазық тақырға айналып, шөп көлемі айтарлықтай азайғанын байқау қиын

емес. Содан болар, тарыққан шаруаға қол ұшын беруге билік өкілдерімен қатар, қарапайым халық та жұмыла күш біріктіруге көшті.

2 БЕТТЕ

COVID-19



«PFIZER»-дің артықшылығы қандай?

Жоспар бойынша мамыр айында Қазақстанға «Pfizer/BioNTech» вакцинасы жеткізілуі тиіс еді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында коронавирусқа қарсы бұл вакцинаның 2 миллион дозасының әлі елге жеткізілмеу себебін түсіндірді.

2 БЕТТЕ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА



– Сізді ел әлихантанушы ретінде жақсы біледі. Ғылымға оның ішінде Әлихан Бөкейханұлын зерттеуге қалай келдіңіз?

Ашығын айтсам, ғылымға да, Алты Алаш көсемі Әлихан Бөкейханды зерттеуге де кездейсоқ «душар» болдым. Ол ұзақ әңгіме. Мейлінше қысқартып айтсам, хикая 1986 жылдың желтоқсанындағы қазақ жастарының наразылық шеруінен басталды. Мен ол уақытта қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультеті араб тілі бөлімінің 3 курсында оқитынмын. Өзімнің туған інім 16-18 желтоқсанда 3 күн жалғасқан наразылық шеруінің қайнаған ортасында жүреді. Өзі сол кезде Алматыдағы «МедеуСтрой» құрылыс компаниясының комсомол комитетінің хатшысы. Оны комсомолдан шығарып, жұмыстан қуанып айтпаса да түсінікті. Міне содан бастап ол жаз шыққанша филология фактның жатақханасындағы менің бөлмеде жасырынпай жатты. Ініме қалай көмектессем екен деген оймен, 3 курстың сессиясын тапсыра саласыммен мен қазіргі Ақтау қаласындағы (ол кезде Шевченко қаласы) Каспий жағалауында ашылған жазғы демалыс лагеріне тәрбиеші болып барып, ақырында қалалық комсомол комитеті мені қызметке шақырып, мен араб тілі бөлімімен қош айтысып, қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша сырттай оқуға ауысып, Ақтауға комсомол жұмысына кеттім. Сөйтіп 1987-1990 жылдары Ақтау комсомолда қызмет етіп, інімді комсомолға қайта алдырып, жұмысқа орналастырып, диплом алған 1990 жылы Алматыға қайта оралдым. Бірақ Алматыда не жұмыс, не қызмет істейтінімді әлі білмейтінмін.

Әйтсе де Алматыда не істейтінім диплом қорғаған күні анықталды. Диплом жұмысымның тақырыбы Алаш қайраткері, ақын Ғұмар Қараштың өмірі мен ақындық шығармашылығы туралы еді. Диплом жұмысын жазу барысында Ғұмар Қараштың қадимше тілінде жазылған 5-6 кітабын ескі арабша жазудан кирилға ауларып, жетекшіме мәшенкеге басылған нұсқасын әкеп тапсырғанымда, ол кісі шалқасынан түсе жаздаған еді. «Саспа, диплом жұмысына даусыз 5 аласың!» деп қуантқаны бар еді. Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы – Қазақ ҰҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қазіргі заман әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, институттың ең бірінші директоры, ғылым докторы, профессор Мәсілім Базарбаев (ол кісі, айтпақшы, Қызылорда облысының тумасы, Қазақ КСР-ның 2 рет министрі – мәдениет және сыртқы істер министрлері болған, 1995 жылы марқұм болды). Ол кісі де менің диплом жұмысыма дән риза болып: «Ғылыми жұмысқа талабың зор екен, сен біздің институтқа кіші ғылыми қызметке кел, аламыз!» – дегені.


Ғылымға мен осылайша «душар» болғанмын. Дәл сол күнге дейін ғылыммен айналысу, ғылыми диссертация қорғау, ғалым болу, ғылыми мақала, кітап жазу деген үш ұйықтасам түсіме кірген емес.

Ұлт зиялысы Әлихан Бөкейханның біртұтас «Алаш» идеясын ұсынуы халықты жұдырықтай жұмылуға, ұлт болып ұйысуға бастаған қадамы еді. Газетіміздің «Ақмешіт Қызылорда болғанда» айдарында Қызылорда ел астанасы болған тұста Әлихан Бөкейханның бастамасымен атқарылған жұмыстар, Алаш қайраткерінің біз білмейтін қыр-сырлары туралы бүгінгі сұхбатта кеңінен айтылды. Алаштанушы, әлихантанушы ғалым, Еуразия ұлттық университеті «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтан Хан Аққұлымен сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.

«ӘЛИХАННЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАҒА КЕЛУІНЕ ЕКІ МАҢЫЗДЫ СЕБЕП БОЛДЫ»

Ал қазіргі қазақ халқының ата-сы, шынайы ұлт көсемі Әлихан Бөкейханға қалай «душар» болғаным келсем, ғылыми-зерттеу институтына алғашқыда аға лаборант, одан соң кіші ғылыми қызметкер ретінде қызметке алынған соң не істеп, не қою керектігін білмей, сен соққан балықтай жарты жылдай жүргенім бар. Есім кіре ғылыми диссертация тақырыбын таңдап, оны ғылыми кеңесте бекітетін кез келгенде Ғұмар Қараш туралы диплом жұмысым есіме түсіп, жетекшімнің «сен 130 беттік диплом жұмысына тағы 50-60 беттей зерттеуінді қоссаң, ғылыми диссертацияң дайын» дегені бар еді. Сол жетекшіме шауып бара қойсам, ол тақырыпты басқа бір аспиранттың диссертация тақырыбы етіп бекітіп алғанын айтып, көңілімді су сепкендей басты. Енді не істеймін деп жүргенде, Міржақып Дулатұлы тақырыбынан диссертация қорғайын деп жүрген Марат Әбсеметов деген бір әріптесім қонаққа шақырып: Сен диссертация тақырыбына Әлихан Бөкейханды алсаң қайтесің?! Ол кісі өте көп мұра қалдырған, әдебиет тақырыбына да көп жазған. Сенбесен – «Қазақ» газетін парактап көр, – дегені.

Ашығын айтсам, сол сәтке дейін Әлихан, Алаш туралы естіп-білген емеспін. Марат әріптесімнің әңгімесінен кейін амал жоқ. Орталық ғылыми кітапханаға барып, 1913-1918 жылы Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінің сандарын ақтарып, Қыр баласы, Қ.Б. Әлихан Бөкейхан деп қол қойған бір емес, тіпті ондаған да емес, жүздеген мақала, әдеп сын, фольклорлық зерттеу, ашық хат, саяси шолу, үндеу және т.б. дүниелерін оқып көрдім. «Алтын шыққан жерді белден қаз» демекші, бірте-бірте Әлиханның бір қазақ әдебиеті, халық ауыз әдебиеті, қоғамдық тақырыптарға жазған телегей теңіз мұрасына қоса орысша мұрасы да том-томдап табыла бастады. Әлиханға дейін мені ешбір тарихи тұлғаның өмірі мен шығармашылық мұрасы мұншама қызықтырған жоқ еді. Әлихан менің көзқарасымды, бүкіл сана-сезімімді астан-кестенің шығарып төңкеріп, түбегейлі өзгертті. Мен үшін есім кіріп, есейгенге дейін көзім көріп, құлағым естімеген, 10 жыл мектепте, 5 жыл университетте оқып көрмеген, үш ұйықтасам түсіме де кірмеген мүлде басқа да ұшан теңіз бай дүние – қазақ деген халқымыздың өзімізден жасырып келген шынайы тарихы, жарқын да қиын-кескі күреске толы, жасампаз тарихы бар екеніне көзім жете бастады. Сөздің қысқасы, 1991 жылдың наурыз айында, яғни осыдан тура 30 жыл бұрын, мен Әлихан Бөкейханның өмірі мен ғылыми және әдеби-публицистикалық мұрасын өзімнің ғылыми диссертациямның тақырыбы етіп ҚР Ұлттық Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінде бекітіп алдым. 1991 жылдың шілде-тамыз айында Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург), Мәскеу кітапханалары мен мұрағаттарынан Әлиханның қазақша-орысша еңбектерінің бір сандық болатын мұрасын жинадым. Оның ішінде 1991 жылдың 22 тамызында КСРО КГБ-сының жана



Әлихан Нұрмұхаметұлы Бөкейхан (1866-1937) –
Бутырка түрмесінде.
Мәскеу, 1937 жыл, шілде

тағайындалған (1991 жылдың 21 тамыз күні тағайындалды. – С.А.) төрағасы Вадим Бакастиннің қабылдауында болып, Ә.Н.Бөкейханның Бутырка түрмесінде отырған акыретті фото суретін, оның ісінен біраз маңызды құжаттың көшірмесін ең алғаш болып мен алдым.

Ал 1992 жылы Орынбор мен Омбы кітапханалары мен архивтерін ақтарып, Әлиханның балалық шағына қатысты құжаттар мен 1895-1908 жылдарды қамтитын «Омбы кезеңі» туралы мол тарихи материалдар тауып қайттым. Одан кейін Алматы, Семей (ҚР), Томскі, Самар (РФ), Минскі (Беларусь), Ташкент (Өзбекстан Республикасы) мұрағаттары мен кітапхана қорларын ақтаруға тура келді.

Міне сол алғашқы 2 жыл ғылыми жұмыстың нәтижесі – 1995 жылы «Қазақ энциклопедиясынан» жарық көрген «Әлихан Бөкейхан. Тандамалы – Избранное» атты академиялық жинағы болды. Бұл кітап менің ғылыми диссертациямды жазу барысында құрастырылған жинақ болды.

Міне содан бері Әлихан Бөкейханның өмірі мен сан қырлы қызметін зерттеуім бір тынған емес. Нәтижесінде біріншіден, 1992-1994 жылдар аралығында сол кездегі орталық телерадио «Қыр баласы» атты 7 сериялы және «Абай және Әлихан» атты деректі фильмдер түсіріп, республикалық телерадиоларда 1992-1995 жылдар үзбей көрсетіліп келді. Екіншіден, 2009, 2010, 2013 жылдары Ә.Н.Бөкейханның 9 томдық шығармалар жинағы, 2012 жылы «Алаш арыстары» деректі фильмдер циклы бойынша «Әлихан Бөкейхан» атты деректі фильмінің сценарийін жазып, фильмінің өзі «Хабар» және «Қазақстан» телерадиоларында 2012-2013 жылдары көрсетілді. 2016 жылы, яғни туғанына 150 жыл толуына орай 15 томдық толық шығармалар жинағын шығардым, қазақ, ағылшын, украин және орыс тілдерінде «Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы», «Alikhan Bokeykhan. The Unifier of Kazakh Lands», «Алихан Букейхан. Син Великого степу» және «Алихан Букейхан. Собираетель казахских земель» атты әрқайсысы 2 томнан тұратын 4 монография жазып, кітап етіп басып шығардым. Бұл 30 жылда атқарылған ғылыми зерттеу жұмыстарының бір қыры ғана.

3 БЕТТЕ



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

«ӘЛИХАННЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАҒА КЕЛУІНЕ ЕКІ МАҢЫЗДЫ СЕБЕП БОЛДЫ»

– Әлихан Бөкейханды ел қайраткер, ел келешегін ойлаған тұлға ретінде таниды. Оның қазақ жерінің тұтастығына қатысты еңбегінің өзі том-том кітапқа жүк болары сөзсіз. Қайраткердің ел білмейтін тағы қандай қыры бар?

– Әлихан Бөкейханның тәуелсіз Қазақстан қоғамы әлі күнге дейін білмейтін, бірақ бүгінгі қазақ халқы алдындағы ең басты тарихи қызметі – Ресей империясының отарлық езгісінде шырты ұйқыда отырған қалың елі қазағының ұлттық сана-сезімін, намысын оятып, «Алаш» туы астында басын біріктіріп, қазіргі ұлттық жазба тілі мен мәдениетін қалыптастырып, жерін қорғап, 1917 жылдың желтоқсанында қазіргі Қазақ ұлттық мемлекетінің іргетасын қайта көтеріп, шекарасын анықтап, оның тұңғыш басшысы болғаны. Төл тарихымыздан білетіміздей, Кенесары хан қайғылы қазаға ұшырауы салдарынан хандық үлгідегі Қазақ мемлекеті 1847 жылы біржола ыдырап, тарих сахнасынан кетсе, арада тура 70 жыл өткен 1917 жылы Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары сол хандықтың үйіндісі үстінен заманауи парламенттік әрі шынайы демократиялық Қазақ мемлекетінің туын көтерді. Тәуелсіздігіміздің 30 жылында да кеңес дәуірінде мейлінше бұрмаланған, жалған тарихымыздың көлеңкесінен әлі шыға алмай жүрген халқымыздың әлі білмейтін тағы бір тарихи дерек – Әлихан құрған Алаш Ұлттық Жерлі Аутономиясы өзінің 1911 жылы Барлықбек Сұртанұлы жазып кеткен конституциясының жобасы бойынша, қазіргі Қазақ елінің аумағында құрылған, біріншіден, тұңғыш зайырлы, екіншіден – парламенттік республика болатын. Үшіншіден, 1917 жылғы 5-13 желтоқсан күндері Орынборда жиналған жалпы қазақ құрылтайында Алаш болашақ Федеративтік Ресей құрамындағы аутономия ретінде құрылды. Алайда Ресейді федеративтік республика ретінде жариялайды деп күтілген бүкілресейлік құрылтайы жиналысы 1918 жылдың 6 қаңтарында кеңес өкіметі тарапынан күштеп қуылды да, біріншіден – Ресей федерация болмай қалды, ал екіншіден – кешегі Ресей империясында халық сенімін арқаалаған заңды (легитимді) билік қалмады. Кеңес өкіметі бүкілресейлік билікті қылмыстық жолмен басып алды, немесе Әлиханның өз сөзімен айтсақ, «қылштың жүзімен, найзаның ұшымен» тартып алды. Міне Ресейде заңды (легитимді) орталық биліктің болмауы себепті II-жалпы қазақ құрылтайында аутономия ретінде құрылған Алаш Республикасы амалсыз болса да егеменді мемлекет құқына ие болып, 1920 жылдың тамызына дейін Алаш егеменді мемлекет болып жасады, ал оның үкіметі – Алаш Орда егеменді ішкі де сыртқы саясатын жүзеге асырып, алдымен кеңес өкіметінен, одан соң Сібір, Кому, «Уфа директориясы» және адмирал Колчактың өзін өзі «бүкілресейлік билік» деп жариялаған үкіметтермен бір-бірін мойындау туралы келіссөздер жүргізді. Ал Кеңес өкіметін Ресейдің орталық үкіметі деп мойындап, оған қосылған соң ғана – 1920 жылдың 26 тамызында Алаш Республикасы Қырғыз Аутономиялық Кеңестік Республикасы болып, яғни кеңестік үлгіде қайта құрылды. Кеңестік болып қайта құрылуына Алаш Орда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхан, Алаш Орда мүшесі Әлихан Ермеқұлы, Алаштың мемлекеттік білім комиссиясының (қазіргі Білім және ғылым министрі) төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы тікелей атсалысып, Кремльде В.Ленин бастаған бүкілресейлік үкіметпен арада болашақ Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының шекарасын анықтау және қайта құрылатын ұлттық автономияның құқықтық әлеуеті туралы келіссөздер жүргізді. Қысқа айтқанда, қазіргі Қазақстанды құрған Кеңес өкіметі емес, Ә.Н.Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары болды. 1917 жылдың 13 желтоқсанында Алаш Ұлттық Жерлі Аутономиялық Республикасы ретінде дүниеге келіп, 1920 жылдың 26 тамызында ол Қырғыз-Қазақ Аутономиялық Кеңес Республикасы болып атауы өзгертілді де, 1936 жылдың желтоқсанында ол Ресей федерациясының құрамынан шығып, толыққанды одақтас республика мәртебесін алды, яғни Қазақ КСР-ына айналды. Ал 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақ КСР – өзінің толық тәуелсіздігін жариялап, Қазақстан Республикасына айналды.

Міне осыдан-ақ қазіргі Қазақ мемлекетінің іргетасын көтеріп, негізін қалап кеткен, оның атасы әрі оның тұңғыш елбасы Әлихан Бөкейхан екенін кеңес дәуірінде өз тарихымызды ұмытып қалған біз әлі де білмейміз, мойындамаймыз. Барымызды кеңес өкіметіне теліміз.

Ал енді Әлихан Бөкейханның бүгінгі тәуелсіз Қазақ Республикасының халқы білмейтін екінші бір қыры – ол қазіргі қазақ халқының ұлттық тілі, оның ішінде жазба тілінің, қазіргі заманауи мәдениетінің бастауында тұрғаны. Қазақ тілі білімінің, әдебиетінің, бастауыш, орта және жоғарғы білім беру жүйесінің, ғылымының, жалпы мәдениетінің негізі сонау 1917 жылғы Ақпан төңкерісінде қалыптасқанын ұмытпайық. Кеңес заманында өмірінің ақырғы 15 жылын Әлихан Мәскеуде НКВД-ның қатан бақылауында өткізсе де, алыстағы туған елінің бүкіл тыныс-тіршілігіне – ағартушылық, білімі мен ғылымына,

мәдениеті мен өнеріне жетекшілік етіп отырды. Оны Әлиханның сақталып қалған азды-көпті хаттарынан, Мәскеуде жолдап отырған мақала, ашық хат, рецензия, зерттеулерінен айқын аңғарамыз.

Мысал келтірсем Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамалы», Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «Қамар сұлуы», Спандияр Көбейұлының «Қалың малы» сынды қазақтың тұңғыш романдары 1917 жылға дейін жазылып жарық көрсе, бүгін біз мақтан ететін «абайтану» ілімінің басы-қасында тұңғыш абайтанушы Әлихан тұрды, Абай шығармаларының тұңғыш жинағы да 1909 жылы Санкт-Петербургта жарық көргенін естеріңізге сала кетейін. Тұңғыш поэмалар, тұңғыш драмалық шығармалар – пьесалар да 1917 жылға дейін жарық көріп, олар да төңкеріске дейін сахнаға қойылды емес пе?!

Өкінішке орай, тәуелсіздігіміздің 30 жылында кеңестік жалған идеология мен тарих-сымақтан арыла алмаған халқымыз осы жайттардың барлығын Кеңес өкіметінің «жемісі» деп адасады.

– Әлиханды айтқанда Алаш тақырыбын сөз етпеу мүмкін емес. Ендігі әңгімені Алаш пен оның басында тұрған елшілі Әлихан жайлы өрбітесің...

– Әлихан дегенде Алашты сөз етпеу мүмкін емес деу аз. Анығын айтқанда Әлихан десек ойға Алаш келеді, Алаш десек – көз алдымызға Әлихан елестемей ме?! Олай дейтін себеп – «Алаш» идеясын ұсынып, 1905 жылы «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалап, сонау 1910 жылы Санкт-Петербургта басылып шыққан «Қазақтар» (1925 жылдың сәуіріне дейін біздің этнонимді қасқана бұрмалап «қырғыздар» деп атайтынын еске сала кетейін. – С.А.) атты тарихи-анықтамалық очеркінде 9 облыс, бір губерне (Астрахан губернесінің Бөкей ордасы. – С.А.) және Алтай өңірінің Барнауыл, Змеиногор және Томскі ояздарын қазақтың ата-бабадан мұра болып қалған жері деп 9 облыс, бір губернені нақты атап көрсетіп, ал 1917 жылғы желтоқсанда сол аумақты қазақтың Алаш Ұлттық Жерлі Республикасының заңды жер аумағы (территориясы) деп жариялаған, Алаш Республикасының жоғарғы атқарушы мемлекеттік билік тетігі – Алаш Орда үкіметіне 2,3 жыл басышылық еткен Әлихан емес пе?

Бір назар аударса кететін мәселе – Алаш Республикасы жерінің аумағы шамамен 3,5 млн шаршы шақырым болса, Кеңес өкіметіне қосылып, Алаш Қырғыз (Қазақ) Кеңес Аутономиясы болып қайта құрылған 1920-1925 жылдары жер аумағы 2,9 млн ш.ш. болатын. Әлихан биліктен аластатылуының салдарынан 1924 жылы біздің Қырғыз аутономиясын бөліп алып РФКСР-ге қосты, кейін оған одақтас республика мәртебесін берді. 1925 жылы Орынбор қаласы мен облысы Ресейге, Ташкент қаласы мен оның төңірегіндегі бірнеше аудан Өзбекстанға берілді. 1930 жылы Қарақалпақ аутономиялық ауданы алдымен Ресей құрамына, одан соң 1936 жылы Өзбекстанға берілді. Тәуелсіздік алған 1991 жылдың желтоқсанында жеріміз – 2,7 млн ш.ш. болатын, 1990-жылдары Қытайға 100 мың ш.ш. жер беріліп, қазір одан да кеміп қалды.

Осы күні алаштанушы ғалымдардың дені «Әлихан бастаған «Алаш» қайраткерлері армандарына жете алмай, арманда кетті» дегенді айтумен келеді. Ол барып тұрған адасқан пікір. Себебі Әлихан баулып өсірген Алаш қайраткерлері өздерінің ең басты мақсат-мұраты болған қазақтың ұлттық мемлекетін қайта құрып кетті емес пе? Осыны неге ұмытамыз?

19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында өзінің қиян-кескі күресі мен ағартушылық қызметі арқылы қазақтың қазақтығын – тілін сақтап, заманауи әдебиетін жасап, көне дәуірден қалыптасып келген көшпелі мәдениет негізінде халқының заманауи мәдениетін қалыптастырған Әлихан мен ол теориялық негізін қалаған «Алаш» идеясы мен қозғалысы емес пе?! Ағылшындардың Оксфорд университеті жанындағы Орта Азияны зерттеу орталығы ғалымдары 1985 жылы «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар жайында» атты ғылыми еңбегінде қазақ зиялылары 20 ғасыр басында «мәдени ренессанс», яғни мәдени төңкеріс жасады» деп тегін жазбаса керек.


Токетерін айтқанда ХХ ғасырдың басында «Алаш» қайраткерлері түбегейлі реформалаған қазақтың ұлттық жазба тілі мен әдебиеті және жалпы төл мәдениеті содан бері ешқандай реформа, жаңалық не қайта жаңғыру дегенді көрген жоқ. Біз сол Алаш арыстары мұра етіп қалдырған мәдениетімізбен келеміз.

Бір кезде біз «Орта Азияның барысы боламыз» деп бір қаңғырдық, «киано-технологиялық мемлекет», «ғарыш мемлекеті» боламыз деп аузымызды құр шөппен сүрттіп екі адастық. Кеңестік дәуірден жаман мұра болып қалған бастыларымыздың бос сөз, құрғақ үндеуіне алданып, «әлемнің маңдайалды 30 еліне қосыламыз» деп өзімізді өзіміз алдап үшінші рет қаңғырып келеміз. 30 жыл алданып адасқанымыз аз ба?! Қазаққа оның қазақтығын сақтап қалып, оның заманауи мәдениеті мен мемлекетін қайта қаңғыртып кеткен «Алаш» идеясынан артық идея жоқ. Болмайды да.

– Қызылорда астана болған шақта зиялы қауымының басым бөлігі Сыр елінде болды.

Әлихан Нұрмұхамедұлының Қызылордамен байланысы бар ма? Алаш арыстарына бағыт берген, жөн сілтеген ұлт зиялысы Әлихан Бөкейхан десек, артық айтқандық болмас. Қызылорда ел астанасы болған тұста Әлихандай қайраткердің бастамасымен немесе кеңесімен Сыр елінде атқарылған іс бар ма?

– Алаш көсемінің Қызылордамен байланысы ұзақ болмады, бірақ өте маңызды еді. Тарихи мәліметтерге қарағанда, Әлихан Қызылордаға 2 рет – 1925 және 1926 жылдары аяқ басқан. Алғаш рет халқымыздың «қырғыз» дегеннен «қазақ» деген төл этнонимін қайтарған 1925 жылғы сәуіріндегі 5-ші партия конференциясы кезінде ат басын тіреп, оған құрметті қонақ ретінде қатысқан сияқты. Конференцияға қатысқаны туралы ешбір ресми дерек жоқ. Оның есесіне сол конференциядан бейнежазба сақталыпты. Алғаш рет белгілі деректі фильм түсіруші Қалиолла Омар ма, әлде тележурналист Болат Мұрсәлім тауып жариялаған әлгі бейнежазбадан Әлиханның конференция төралқасының (президиумының) қак алдында жеке орындықта отырғанын көреміз. Ал тарихи деректер бойынша, 1922 жылдың желтоқсанында Мәскеуге өз ықтиярыңсыз кісендеп жеткізіліп, КСРО халықтарының орталық баспасында (кейін Орталық Күншығыс баспасы аталып та жүрді. – С.А.) Қазақ бөлімінің редакторы қызметінде жүрген Әлихан елге оралып, Қызылордада жер бойынша халық комиссариатына қызметке орналасуға көп күш салады. Оның Қызылордаға оралуына Нығмет Нұрмақұлы бастаған Қазақстан Халық комиссарлар кеңесі де (ҚазСНК), Қазақстанның Жалау Мыңбайұлы бастаған Жоғарғы атқарушы комитеті де (ҚазЦИК) – кейін Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі) аса мүдделі болды. Алаш қайраткерлерін жаппай қудалауға алған НКВД құжаттарында Жоғарғы атқарушы комитет төрағасы Жалау Мыңбайұлы мен бір халық комиссарының егер үкімет басына Әлихан Бөкейхан отырса, Қазақстан бүкіл Орта Азия Республикаларына жетекшілік етер еді деген әңгімесі келтіріледі. Алайда Алты Алаш көсемінің Ұлы дала еліне қайта оралуына Кремльдің қожайыны И.Сталин мен Қазақстанға партия көсемі болып келген Ф.Голощекин үзілді-кесілді қарсы шығады.



Бүкілресейлік (бәлшебектік) коммунистік партияның Бас хатшысы И.Сталиннің Ә.Бөкейханға қатысты жеделхаты

Әлиханның 1925 жылы Қызылордаға келуіне 2 маңызды себеп болды. Бірі – Қазақ елінде қазақ халқының жер пайдалану нормасын анықтап, оны Ресей Федерациясы үкіметінің жанындағы жер комиссиясында бекітіп алу, екіншісі – Смағұл Сәдуақасұлы мен Сұлтанбек Қожанұлы өзара татуластыру болғанға ұқсайды. Әлиханның тағы бір маңызды мақсаты – Қазақстанның жер нормасын Ресейден орыстың жерсіз келімсек, қарашекпен шаруаларын жолатпайтындай деңгейде бекіту, қазақтың келімсектерге беретін «артық» жері жоқ ету болды. Міне сол норманы жасату үшін Әлихан өзінің ұзақ жылғы досы, үндітанушы ғалым, патшалық Ресей мен Кеңестік Ғылым академиясының ғылыми хатшысы академик Сергей Ольденбург арқылы 1926 жылы КСРО Ғылым академиясының экспедициясын ұйымдастырды. Экспедицияны ол мақсатты түрде Қазақстанның сол кездегі Адай оязына (қазіргі Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары – С.А.) бағыттады. Себебі біріншішіден, Адай оязы қазақтары әлі де толығымен көшпелі болатын. Екіншіден, отырықшы шаруашылыққа қарағанда көшпелі мал шаруашылығына әлдеқайда көп жер берілетін. Мұндай норма тіпті патша заманында қарастырылған болатын. Әлиханның КСРО Ғылым академиясының экспедициясын Адай оязына бағыттауының басты сыры осында жатты және Қазақстанның кеңестік жер нормасын Адай озындағы жерді көп талап ететін көшпелі мал шаруашылығы негізінде жасатып, бекітпек болды.

Сонымен 1926 жылдың жазы мен күзінде КСРО Ғылым академиясының одақтас және аутономиялық республикаларын зерттеу жөніндегі ерекше комитетінің антропологиялық экспедициясының экономикалық зерттеулер партиясын бастаған Әлихан Бөкейхан болашақ академик, ол кезде Ленинградтағы мемлекеттік университеттің студенті Әлкей Марғұланды жанына алып, Адай озында зерттеу жүргізеді.



Ә.Н. Бөкейханның КСРО Ғылым академиясының Адай озындағы экспедициясында жұмыс істеген кезде түскен суреті. Ақтөбе, 1926 ж.



КСРО Ғылым академиясының Адай озындағы антропологиялық экспедициясы: 1-қатарда солдан оңға бірінші отырған Әлихан Бөкейхан; 2-қатарда солдан оңға қарай төртінші тұрған Әлкей Марғұлан. Ақтөбе, 1926 ж.

Экспедициясы жұмысын мезгілінен бұрын аяқтаған Әлихан 1926 жылдың ерте күзінде Ақтөбеден Қызылордаға екінші рет ат басын бұрады. Оны теміржол бекетінде Қазақстанның Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы (бүгінгі премьер-министр) Нығмет Нұрмақұлының өзі қарсы алады. Қызылордада ол ең жақын үзегілері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхаматжан Тынышбайұлымен сырласып, үкімет мүшелерімен кеңеседі. Бірақ өзін тосып отырған экспедиция мүшелеріне қосылып, Мәскеуге қайту үшін Қызылордадан Ақтөбеге жеткен сәтінде тұтқындалып, тағы да қолына кісен салынып, күзетпен Мәскеуге жеткізіліп, еш айып-қылмыссыз Бутырка түрмесіне жабылады. Оның ең басты «қылмысы» – Халықаралық Қызыл Крест ұйымының Мәскеудегі өкілдігінің төрайымы, жазушы Максим Горькийдің жұбайы

Мәскеуге жеткізіліп, Бутырка түрмесіне жабылғанда, соларға азық-түлік, бір-бірімен хат алмасып тұруы үшін қалам-қағаз жеткізіп тұрады. Жоғарыда аты аталған Халықаралық Қызыл Крест комитетінің Мәскеудегі өкілі Е.Пешкованы араға салып, оларды босатып алуға да бар күшін салады. А.Байтұрсынұлы Архангельскіге, М.Дулатұлы Соловкіге, қалғандарын жаппай Воронежге айдағанда, Әлихан барлығымен хат арқылы байланысып, бәріне бір-бірінің мекен-жайларын хабарлап, мүмкіндігінше пошта арқылы азық-түлік, жылы киім-кешек жіберіп отырған. Өзі ақырғы рет тұтқындалып, тағы да Бутырка түрмесіне жабылған 1937 жылдың 26 шілдесіне дейін Әлихан осы ісін доғармай жалғастыра берді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Ақмарал ОЛЖАБАЕВА



Ә.Н. Бөкейхан – Мәскеудегі 2 бөлмелі коммуналдық пәтерінде. Мәскеу, 1937 жыл, шілде

БАЙҚАУ

«ОСЫДАН ОТЫЗ ЖЫЛ БҰРЫН»

ЕСТЕЛІКТЕР БАЙҚАУЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясы «Қызылорда қалалық мәслихаты» аппаратымен бірлесіп «Осыдан отыз жыл бұрын» тақырыбында естеліктер байқауын жариялайды.

Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Осы бір ауыз сөзді естігенде сіздің есіңізге қандай естеліктер түседі? Әрине, тәуелсіз елдің 30 жылы тұтас мемлекеттің бір бөлшегі саналатын адамдар өмірімен сабақтас. Тәуелсіздік сізге қалай әсер етті, өміріңізге қандай өзгеріс әкелді? «Осыдан отыз жыл бұрын» естеліктер байқауының мақсаты да ел жетістігін қарапайым тұрғындар өмірімен байланыстыру. Байқауға тәуелсіздік дегенде көз алдыңызға келетін естеліктермен бірге альбомыңыздан сол уақыттың куәсіндей болған фотоларды қоса жолданыз...

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Тәуелсіздік жылдарында болған елеулі сәттерді ел есінде қайта жаңғырту. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының тұрғындарға әсері, ел болашағына деген сенімі мен үмітін, сол кездегі көңіл-күйді естеліктер және фотолармен қоса жариялау.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін «Мерейлі отбасы» байқауына қатысуға ниет білдіргендер саны жыл сайын артып келеді. Солардың қатарында теміржолшы Бахиевтер әулеті бар. Олар байқаудың қалалық кезеңінің үшінші орын иегерлері. Бүгінде жетпістен асқан Ұлықпан Бахиев – Семей ядролық сынақ полигонының ардагері. Ол теміржол саласында қырық жылдан астам уақыт қызмет істеп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған жан.

ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН

Кейіпкеріміз Ұлықпан Бахиев 1950 жылы Арал ауданы, Бөген ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Семей ядролық сынақ полигонына әскер қатарына алынады. Елге оралғаннан кейін №64 училищесіде қызмет істеп, 1974 жылы теміржол саласына оператордың көмекшісі болып ауысты. Одан кейін оператор, аға оператор, шеберлікке дейін көтерілді. Кейіпкеріміздің жары Райкүл Бадыракова да теміржол саласының ардагері. Ол ұзақ жыл Қараөзек теміржол стансасының кезекші бөлімінде жұмыс істеп, зейнетке шыққан. Бүгінде теміржолшылар отбасында дүниеге келген Талғат Бахиев те осы саланы таңдады.

Кішкентайынан әкесінің қасында жүріп, теміржол гүрсілін естіп өсті. Сондықтан бұл сала оған етене таныс. Оның балалық шағы болат жолдың бойында өтті. Жаксы әкенің



Ел мен елді, жер мен жерді жалғастырып, сағынысқан жандарды қауыштыруға асығып, желдей жүйіктіген жүрдек пойыздың қалыпты қатынасын қадағалайтын теміржол саласының жауапкершілігін арқалаған Бахиевтер бақытты отбасы.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ...
ӘЛЕМДЕГІ
ЕҢ ЖАСЫЛ МАТЕРИК

Әлемдегі ең жасыл материк – батыс жарты шардың оңтүстігінде орналасқан Оңтүстік Америка құрлығы. Оның аумағы 18,28 млн шаршы шақырымды құрайды. Бұл материкте 340 миллион адам мекендейді.

Құрлықтың ең биік жері – 6960 метрдегі Аконкагуа болса, теңіз деңгейінен ең төмен орналасқан жері 40 метрде жатқан Вальдес ойысы. Сондай-ақ Оңтүстік Американың ең ұзын өзен жүйесі – Амазонка. Бұл құрлықтың құрамына Отты Жер, Фолкленд, Галапагос аралдары, Чили топаралы секілді ұсақ аралдар кіреді. Оңтүстік Американың абстракциялық жасы шамамен 1,5 – 4 млрд. жыл аралығын құрайды. Оның қойнауы кең байлықтарына, оның ішінде мыс, темір, марганец, молибден, қалайы секілді кендерге бай. Сондықтан да Бразилияда темір кенін өндіруде әлемде екінші орында тұрса, Чили мыс өндіретін елдер қатарында көш бастап тұр.

Материк дүние жүзіндегі ең ылғал және жасыл құрлық болуымен ерекшеленеді. Оңтүстік Америка 6 климаттық белдеу деңгейінде орналасқан. Жауын-шашын 5000-8000 мм болып ең көп Колумбияның батысы мен Чилидің оңтүстігіне түседі. Ылғалдылық нәтижесінде мұнда мәңгі жасыл шамшаты, бал пальмасы, чили аруа кариийі секілді өсімдіктер өседі.

А.БІРКЕНОВ



даналығы балаға 40 жыл азық. Сол бір асыл жанның өнегелі тәлімін алып, салықалы әңгімесін санаға түйіп өскен ұрпақтың жаман болмайтыны сөзсіз. Ондағы мақсат – әке жолын жалғастыру. Осылайша ол өмірлік мамандығын осы саламен байланыстырды. Бүгінде 1 ұл, 2 қыз өсіріп, он немеренің қызығына тоймай отырған батагөй ата, ақ жаулықты әже...

– Ұл-қыздарымыз – біздің мақтаншымыз. Олар мейірімді, ақылды және көпшіл болып өсуі үшін дұрыс тәрбие бердік деп ойлаймыз. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген сөз бар ғой. Отбасында еңбекке төселіп, жақсы мен жаманды ажырата білген бала өмірдің бұралаң жолында адаспайды. Ұлым өзімнің ізімді жалғап теміржолшы болды, – деді ол.

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегенді берік ұстанған бұл әулетте ауызбірлік пен ұйымшылдық берік орнаған. Сонымен қатар олар үнемі маңдай термен тапқан еңбектің наны тәтті болатынын естен шығарған емес. Ал ұл-қыздары әкенің тәрбиесі мен ананың тәлімінен ешқашан аттап кеткен жоқ. Айтқан ақылын өмірлік қағида етіп жүрген балаларына ата-аналары да дән риза.



Бір қатысушы бір ғана материал жіберсе алады.

Шығармалар қазақ тілінде қабылданады. Байқауға Қызылорда облысының кез келген оқырманы қатыса алады.

Байқауға қатысушылар толық аты-жөнін, телефон нөмірін, мекен жайын және өздері туралы қысқаша мәлімет қосып akmeshit.kz@mail.ru электронды поштасына жолдауларыңызды сұраймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Байқау қорытындысы тәуелсіздік күні қарсаңында жарияланады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі. Газет бетіне шыққан естеліктер топтастырылып, арнайы жинақ болып шығады.

Байланыс нөмірі: 40-11-10

Эл почта: akmeshit.kz@mail.ru



СПОРТ

ЕУРО-2020:
50 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ
ЖЕҢІС

Футболдан Еуропа чемпионатының 16-ыншы кубогы сарапқа салынған байрақты бәсеке осы жаздың есте қалар оқиғасына айналды. Бір ай уақыт бойы тартысты ойын болып, жексенбіде ЕУРО-2020 кубогы сарапқа салынды. Италия мен Англия бәсекелестік танытқан финалдық ойын тең нәтижемен аяқталып, чемпионның тағдыры пенальти сериясында шешілді. Жеңімпаз жарыстың басынан-ақ аса белсенділік танытқан Италия құрамасы.

Финалдық ойын 11 шілде Лондонның «Уэмбли» стадионында өтті. Негізгі уақыт тең нәтижемен аяқталып, пенальти сериясында италиялық футболшылар 3-2 ұпайымен басым түсті. Осылайша Италия құрамасы өз тарихындағы Еуроңың екінші кубогын астанасы Римға арқалап қайтты. Дегенмен ойынның ең қызықты сәті матчтың екінші-ақ минутында басталған еді.

Ойын басталған сәттен-ақ италиялық қақпашы Джанлуиджи Доннаруманың қақпасына бір гол соғылды. Голдың авторы – ағылшындық қорғаушы Люк Шоу. Ол бұл чемпионат тарихында ең жылдам голдың авторы ретінде есте қалды. Люк Шоудың бұл соққан голы – футболға ең әдемі оралған сәттердің бірі десе де болады. Себебі бұған дейін ауыр жарақат алып, тіпті Манчестер Юнайтед клубы оның өз мансабын жалғастыра алатынына күмәнмен

11 метрлік айып добын соғу ойынында 3-2 есебімен Италия басым түсті. Пенальтидегі өз мүмкіндіктерін қолдана алмағандар қатарында Италия футболшылары Андреа Белотти мен Жоржиньо бар. Ал ағылшындық футболшы Маркус Рэшфордтың соққан добы штангаға тисе, Джейдон Санчо италиялық қақпашыны алдай алмады. Ал «ЕУРО-2020» чемпионатының жеңімпазы ағылшындық 19 жастағы футболшы Букayo Саконың соққысының бағытын Италия құрамасының қақпашысы дәл тауып, чемпиондық атақты ағылшындардан құлып әкетті.

Жалпы бұл ойында футбол тарихында алтын әріптермен қалғаны анық. Себебі бұған дейін 60 жылдық тарихы бар ЕУРО ойындарында қорытынды кезеңде ойнап көрмеген Англия финалға шықты. Ал финалда төртінші рет ойнаған Италия құрамасы 1968-інші жылдан кейін екінші рет чемпион атанды.



қараған еді. Десе де англиялық қорғаушы шаршы алаңда шын шеберге тұсау жоқ екенін дәлелдеді.

Ойынның бірінші таймында есепте есе жіберіп тұрғанымен Италия құрамасы шабуылды үдете түсіп, ағылшындық қақпашы Пикфордты біраз әбгерге салды. Мұны қақпашының өз команда-ластарына бар жанын салып айқайлап, қорғанысты күшейтуді сұрағанын-ақ байқауға болатын еді. Десе де чемпиондыққа үмітпен ғана емес, нық сеніммен келген Италия құрамасы матчтың екінші жартысында есепті теңестірді. Ойынның 67-інші минутында бұрыштамадан кейін Италия құрамасының қорғаушысы Леонардо Бонуччи гол соқты. Ол Еуро чемпионатында гол соққан жасы жағынан ең үлкен футболшы ретінде тарихта қалды.

Осылайша ойынның негізгі уақыты тең есеппен аяқталып, экстра-таймда да таблодағы есеп өзгере қоймады. 45 жылда ең алғаш рет Еуро чемпионы пенальти арқылы анықталды.

2000 және 2012 жылдары олар финалдық бәсекеде сәтсіздікке ұшыраған болатын.

ЕУРО-2020 чемпионатының ең үздік ойыншысы – Италия құрамасының 22 жастағы қақпашысы Джанлуиджи Доннарумма атанды. Ол ұлттық құрама сапында 33 матч өткізіп қана қоймай чемпион атағын иемденді. Финалдық ойындағы пенальти сериясында қақпашы екі соққыны қағып, өз ұлттық құрамасына чемпиондық атақ әкелді. Одан бөлек Италияның негізгі құрамында ойнаған Доннарумма алаңда 719 минут өткізіп, ЕУРО-да ең ұзақ ойнаған футболшы атанды.

Осылайша көптен күткен финалдық ойын, пандемияның кесірінен кешіктіріліп ұйымдастырылған Еуропа чемпионаты тәмам. Англия құрамасы өз тарихын барынша өзгертуге тырысқанымен италиялықтардың мысы басым болып түсті. Өз елінің астанасында өткен ойында ағылшын футболшылары күміс медальды алқаласа, Италия құрамасының спортшылары алтын медаль мен тарихи кубокты қанжығасына байлады.

А.НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдарға пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінілігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4240

Тапсырыс №1004

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ